

«Қаржы» кафедрасының оқу үрдісінде
«ИСАЖ» оқу-инновациялық кешені

Электрондық үкімет құру идеясын Мемлекет басшысы республиканың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөніндегі жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында бастамашылық етті. «е-салықтар» жүйесі электрондық үкіметтің құрамдас бөлігі болып табылады және қазіргі уақытта ҚР БСАЖ АЖ ретінде жұмыс істейді.

Университет пен ҚР Қаржы министрлігінің бірлескен жобасында ҚР БСАЖ бағдарламасы - ҚР Салық комитеттерінің қызметін кешенді автоматтандыруға арналған Қазақстан Республикасының интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйесі енгізілді.

Бірлескен жобаның мақсаты – білім алушыларда инновациялық ойлауды қалыптастыру және салық салу саласындағы электронды-ақпараттық әзірлемелерді оқу процесінде енгізу және қолдану негізінде келісілген мамандықтар мен оқыту бағдарламалары бойынша салық қызметі органдары үшін жоғары білікті мамандарды дайындау кезінде олардың дағдыларын дамыту (бағдарламалық қамтамасыз ету).

Оқыту үдерісі-салық пәндері бойынша сабақтар өткізу үшін арнайы жабдықталған «ИСАЖ» ОИК мамандандырылған кабинетінде жүзеге асырылады. 20 жаңа компьютерлер мен сервердің болуы салық төлеушілердің салық органдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ҚР салық жүйесіне әзірленген және енгізілген арнайы ақпараттық бағдарламалар шеңберінде студенттердің Қазақстанда салық салу тетігін практикалық меңгеру дағдыларына үйретуді қамтамасыз етеді.

Оқыту барысында студенттер жүйеде жұмыс істей отырып, жүйенің әрбір компонентінің функционалдық ерекшеліктерін, олардың өзара және ақпараттық иерархия құрылымдарымен өзара іс-қимылын меңгереді, жүйе құрауыштарына кіретін әрбір бөлімшенің ерекшеліктерін іс жүзінде зерделейді, салық жүйесінің салық төлеушілермен өзара іс-қимылының нақты жағдайын жаңғыртады; «Салық және салық салу», «Қаржы», «Салықтық жоспарлау және бақылау» сияқты пәндерде білімдерін тереңдетеді.



